

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамы жанындағы медицина колледжі Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы	58-12-2024 38 беттің 1 беті
Дәріс кешені	

ДӘРІС КЕШЕНІ


Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»
 Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің колданбалы бакалавры»
 Оқу түрі: күндізгі
 Оқытудың нормативтік мерзімі: 3 жыл 6 ай
 Циклдар мен пәндер индексі: АП 22
 Курс:3
 Семестр:6
 Пән: «Биостатистика және зерттеу жұмысының нәтижелерін рәсімдеу»
 Бақылау нысаны: емтихан
 Барлық сағат/кредит көлемі KZ:72/3 кредит
 Аудиториялық – 32
 Симуляциялық – 40

Шымкент, 2024 ж.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы Дәріс кешені		58-12-2024 38 беттің 2 беті

Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасының мәжілісінде қаралды

Хаттама № 1 «27» 08 2024ж

Кафедра меңгерушісі:  Г.Ж.Сарсенбаева

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы		58-12-2024
Дәріс кешені		38 беттің 3 беті

1. Тақырыбы: Биостатистикаға кіріспе. Пәні және зерттеу әдістері.

2. Мақсаты: студенттерге биостатистика пәнінің міндеттері және даму кезеңдері туралы негізгі түсінігін қалыптастыру; студенттерді медициналық мәліметтердің типтерімен, түрлерімен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

Биостатистика – медицина, денсаулық сақтау және эпидемиологиядағы ғылыми зерттеулерде статистикалық әдістерді қолданылуымен байланысты ғылыми сала. Практикаға дәлелді медицинаның принциптерін ендіру медициналық жоғары оқу орындарының қазіргі заманғы түлектері үшін биостатистиканы түсіну қажеттілігінің қаншалықты маңызды екендігін айқындап отыр.

Биостатистика пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламаға биологиялық статистика теориясының негіздері, таңдама тәсіл, статистикалық жорамалдарды тексеру, стандарттау әдісі, дисперсиялық, регрессиялық, корреляциялық талдаулар негіздері, зерттеулерді ұйымдастыру теориясы мен тәжірибені жоспарлау негіздері енгізілді.

Медициналық статистика дегеніміз – қоғамдық тәжірибе саласы және жекеше оқылатын маңызды пән. Ол жалпы статистиканың бір тармағы. Басқаша айтқанда, медициналық статистика қоғамдық медициналық ғылым. Ол денсаулықты және денсаулықты сақтау жұмысын сандық және сапалық жағынан зерттейді. Сонымен қатар, статистиканың әдістері мен әдістемелері арнайы медициналық мәселелерді де шешуге қолданылады. Кез-келген саладағы дәрігерлер мен денсаулықты сақтауды ұйымдастырушылар үшін медициналық статистика денсаулыққа, санитарлық және өндірістік тіршіліктік жағдайға сандық және сапалық баға беруге қолданылатын негізгі құрал болып табылады.

Статистиканың ең бір маңызды міндетіне көріністер мен өзгерістердің өзара байланысын анықтау жатады. Олардың байланысының екі түрі белгілі - қызметі жағынан және корреляциялық. Қызметі жағынан байланыста – көріністердің белгілі бір көрсеткішіне, алдын ала белгілі екінші өзгергіш көрсеткіші сәйкес келеді. Корреляциялық байланыста – бір белгінің көрсеткішіне, басқа бір белгінің бірнеше көрсеткіші тура келуі ықтимал. Оларға дәрежелі корреляция және квадраттау әдісімен корреляциялау жатады. Статистикада регрессия коэффициенті деген көрсеткіш бар. Ол бір көріністің көрсеткіші бір рет өзгергенде, екіншісінің қалай өзгертінін көрсетеді. Алынған көрсеткіштерді талдау және әсерлеп көрсету мақсатында статистикада графикалық бейнелер қолданылады. Олар диаграмма, картограмма және картодиаграмма түрінде түсіріледі. Диаграммалардың сызықша, радиалды, келемді, мүсінді және бағаналы түрлері бар

4. Иллюстрациялық материалдар: презентация

5. Әдебиет:

Қазақ тілінде:

Негізгі:

- 1.Бөлешов М.Ә.Қоғамдық денсаулық сақтау: оқулық. - Алматы : Эверо, 2015.
- 2.Бөлешов, М. Ә. Медициналық статистика: оқулық. - Алматы : Эверо, 2015. Бөлешов, М. Ә. Медициналық статистика: оқулық. - Алматы : Эверо, 2010.
- 3.Петри, А. Наглядная медицинская статистика: учеб. пособие. - 2-е изд., перераб. и доп. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2010.
- 4.Петри, А. Наглядная медицинская статистика: учеб. пособие. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2009.
- 5.Ключин, Д. А. Доказательная медицина. Применение статистических методов: монография. - М.: ООО "И. Д. Вильямс", 2008.

6. Применение методов статистического анализа для изучения общественного здоровья и здравоохранения: учеб. пособие для мед. вузов / Под ред. В. З. Кучеренко. - 4-е изд., перераб. и доп. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2007.
7. Жижин, К. С. Медицинская статистика: учеб. пособие / К. С. Жижин. - Ростов н/Д: Феникс, 2007.
8. Герасимов, А. Н. Медицинская статистика: учеб. пособие / А. Н. Герасимов. - М. : МИА, 2007.
9. Медик, В. А. Руководство по статистике здоровья и здравоохранения: учеб. пособие . - М. : Медицина, 2006.
11. Медициналық статистика: оқулық / Б. Е. Алтынбеков [ж. б.] - Шымкент: ОҚММА, 1999.

Қосымша:

1. Гланц С. Медико-биологическая статистика McGraw-Hill, 1994; М.: Практика, 1998-459с.
2. Петри А., Сэбин К. Наглядная статистика в медицине. - М.: ГЭОТАРМедиа, 2003. - 140 с.
3. Платонов А.Е. Статистический анализ в медицине и биологии. М.: РАМН, 2000
4. Рудакова Р.П., Букин Л.Л., Гаврилов В.И. Статистика. Спб.: Питер, 2007 2-е издание-288 с. мощи системы SAS Плавинский С..Л. ИД СПбМАПО, 2005
- статистики и основы теории вероятностей./ учебное пособие. – КазНМУ – Алматы, 2004.
10. StatSoft, Inc. (2001). Электронный учебник по статистике. Москва, StatSoft, WEB: [//www.statsoft.ru/home/textbook/default.htm](http://www.statsoft.ru/home/textbook/default.htm)

Электронды ресурстар:

1. Биостатистика [Электронный ресурс] : учебник / К. Ж. Кудобаев [и др.]. - Электрон. текстовые дан. (85,7Мб). - Шымкент : ЮКГФА, 2015. - 187 эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Биостатистика [Электронный ресурс] : оқулық / Қ. Ж. Құдабаев [ж/б.]. - Электрон. текстовые дан. (85,7Мб). - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 185 бет. эл. опт. диск (CD-ROM).

6. Бақылау сұрақтары (кері байланысы)

1. Биостатистика пәні мен міндеттері?
2. Биостатистиканың даму кезеңдері?
3. Медициналық статистиканың жіктелуі?

№	Сабақ кезеңінің атауы	Теориялық сабақ (дәріс, аралас сабақ, мин.)
1	Ұйымдастыру кезеңі: а) сабақ барысының жұмыс жағдайын ұйымдастыру б) сабақтың мақсаттары мен міндеттерін анықтау	5 минут
2	Өткен тақырып бойынша негізгі білімді белсендендіру (әдістері мен тәсілдері)	15 минут
3	Жаңа материалды баяндау (дәріс жоспары)	15 минут
4	Өткен материалды бекіту (әдіс-тәсілдері)	10 минут
5	Сабақтың қорытынды кезеңі: а) білім алушыларды бағалау б) үйге тапсырма	5 минут
		50 минут

Дәріс №2

1. Тақырыбы: Демографиялық көрсеткіштерді талдау және бағалау әдістері.

2.Мақсаты: Студенттерге демографиялық көрсеткіштерді талдау және бағалау әдістері жөнінде толығырақ ақпарат беру

3. Дәріс тезистері:

Демография (грекше демос — халық) — белгілі бір халықтың, ұлттың, ұлыстың, этникалық топтың санын, құрамы мен құрылымын, аумаққа бөлінуін, өсу не кему динамикасын қоғамдық-тарихи жағдайлармен байланыстырып зерттейтін әлеуметтік ғылым саласы. Демография адам популяциясын оның көлемі мен құрылымына сәйкес, яғни жынысы, жасы, отбасылық жағдайы және этникалық шығу тегі бойынша, сондай-ақ, осы популяцияның туу, өлу және көші-қон коэффициенттеріндегі өзгеруі тұрғысынан статистикалық зерттеу.

Демографиядағы ең басты мәселе – халықтың ұдайы өзгеруін, өсу мөлшерін, дамуын анықтау. Халықтың ұдайы өзгерісі – ұрпақ алмасу, туу мен өлу, яғни табиғи жағдай арқылы жүзеге асады. Белгілі бір аймақтағы халықтың өсу мөлшерінің өзгеруі адамдардың басқа жерлерден көшіп келуі (иммиграция) мен олардың бөтен аймақтарға қоныс аударуына (эмиграция), яғни халықтың көшіп-қону қозғалысына да байланысты. Сондай-ақ халық санының өзгеруі адамдардың жасына, отбасы жағдайына, балалар санына немесе білім деңгейіне, мамандығына, әлеуметтік ахуалына орай бір күйден екінші күйге, бір топтан екінші топқа ауысуына тәуелді. Кең мағынада алғанда, халықтың ұдайы өзгерісі дегеніміз оның санының, құрамы мен орналасуының табиғи жағдайларға және көші-қонның ықпалына қарай өзгеріп отыруы. Отбасының құрылуы, оның дамуы мен күйреуі демографияда дербес мәнге ие. Демографияда халықтың және оның бөліктерінің өзгеруі тек сан жағынан ғана емес, сонымен қатар сапалық тұрғыдан да қарастырылады. Мысалы, белгілі бір жастағы адамдардың санының өзгеруімен қатар олардың тұлғалық дамып-жетілуі, денсаулығындағы өзгерістері де назарға алынады. Демографияда жекелеген адамдарға қатысты әр түрлі құбылыстар барлық халықтың да, сонымен бірге дербес зерттеу нысаны ретінде оның белгілі бір топтарының да жай-күйін сипаттауға пайдаланылады. Демографиялық процестердің өзара байланыстарын, олардың әлеуметтік-экономикалық құбылыстарға тәуелділігін және халық дамуының әлеуметтік-экономикалық салдарын зерттей отырып, демография халық саны мен сапасы өзгерісінің заңдылықтарын анықтайды. Нақтылы қоғамдық ортада өтіп жатқан халық өзгерісін сол қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайлары айқындайды. Демография үшін бастысы – халықтың қоғам дамуымен өзара ықпалдасуы болып табылады. Демография әлеуметтік-экономикалық процесс заңдылықтарының жалпы халықтың ұдайы өсуіне ықпалын ғана емес, керісінше халық өсімінің қоғам дамуына тигізетін әсерін де зерттейді. Әсіресе, бұл жерде еңбек ресурстарының құрамы мен қозғалысының, сондай-ақ халықтың тұтынушы ретіндегі үлес мөлшерінің терең зерттелуі аса маңызды рөл атқарады. Зерттеулердің бұл саласын кейде «экономикалық демография» деп атайды. Демографияның міндеттерінің бірі – халықтың ұдайы өзгерісінің заңдылықтарын зерттеу негізінде мемлекет тарапынан жүргізілетін демографиялық саясат негіздерін тұжырымдау.

Демографиялық процестер қоғамда қалыптасқан белгілі бір әлеуметтік қарым-қатынастарға негізделеді. Сондықтан халықты зерттеуде демография саясат, экономика, медицина, математика, этнография, т.б. бірқатар ғылымдармен тығыз байланыста болады. Олардың зерттеу әдістері мен тәжірибелерін, материалдарын пайдалана отырып, демография өз тарапынан да өзге ғылымдарға қажетті деректер береді. Демографиялық процестердің өзіндік ерекшеліктері, көбінесе

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы		58-12-2024 38 беттің 6 беті
Дәріс кешені		

халықтың табиғи қозғалыстары демографияның өзіндік зерттеу [әдістерін](#) қалыптастыруға негіз болды. Олар: әр түрлі буын өкілдері үшін жас айырымы [көрсеткіштерін](#) жасау арқылы дәл сол уақыттағы даму-құлдырау заңдылықтарын көрсететін гипотетикалық ұрпақ әдісі; [когорт әдісі](#) (адамдардың нақтылы [буынының](#) дамуын зерттеу); потенциалды демография әдісі, т.б. демографияда ғылымның басқа салаларындағыдай болжамдар жасау, оларды деректер арқылы тексеру және соның негізінде ғылым қорытынды жасау қажет. Көбінесе халықтың санын ұйымдастырылған [статистика](#) жолымен есептеу әдісі қолданылады. Сондай-ақ демографиялық [коэффициенттерді](#) пайдалану, оларды салыстыру, салғастыру тәсілдері де демографияның өзіндік зерттеу әдістерінің бірінен саналады. Демография ғылымының негізін салушы – ағылшын ғалымы [Дж. Граунт](#). Ол алғаш рет [Лондондағы](#) тіркелген адам өлімдерінің бірнеше жылдық жазбалары негізінде [халық](#) арасындағы өлудің көрсеткішін жасауға және оның заңдылықтарын анықтауға талпыныс жасаған.

Демографиялық күрт өсу (Демографический взрыв; грек, demos— халық, grapho — жазамын) — әлеуметтік- экономикалық немесе жалпы экологиялық жағдайлардың жақсаруымен байланысты халық санының күрт өсуі.

XX ғасырдағы адамзаттың санының жылдам артуын демографиялық жарылыс деп атайды. Соңғы 100 жылдағы өсімге Жердегі қазір өмір сүретін адамдардың 3/4-і сәйкес келеді. Ғасырдың екінші жартысында әр он жыл сайын жылдық өсім шамамен 10 млн-ға артып отырды. 50-жылдары 53,3 млн болса, 60-жылдарда — 66,7 млн, 70-жылдарда — 70,3 млн. 80-жылдарда 86,4 млн адам болды. Адам санының 1 млрд.-тан — 2 млрд.-қа өсуі үшін 107 жыл қажет болса (1820-1927 ж), ол 3 млрд.-қа дейін — 32 жыл (1959 ж). 4 млрд.-қа — 15 жыл (1974), 5 млрд.-қа — 13 жыл (1987), 6 млрд.-қа — 12 жыл (1999), халық санының соңғы рет екі еселенуіне небәрі 38 жыл қажет болды.

Демография сатылары .Халық санының өзгеру сипатына қарай 4 сатыға бөледі.

Бірінші сатысы кезінде [өлім](#) мен туу күрт төмендейді бірақ өлім коэффициентінің төмендеуі туу коэффициентінің төмендеуінен алда болады. Сондықтан, халықтың өсімі артады. Мұндай жағдай көптеген [дамушы елдерде](#) қалыптасып отыр, ал [дамыған елдер](#) бұл кезеңнен XX ғасырдың ортасында өтіп кетті.

Екінші сатысында өлім минимумға жетеді де, одан төмендемейді, бірақ туу төмендей береді. Сондықтан, халық өсімі баяулайды.

Үшінші сатысында халықтың [қартаюына](#) байланысты өлім коэффициенті артады, сонымен қатар туудың төмендеуі баяулайды. Үшінші сатының соңына қарай [туу коэффициенті](#) халықтың жай көбеюінің деңгейіне жақындайды, ал өлім коэффициенті бұл деңгейден төмен болып қалады, себебі халықтың жастық құрамы әлі де тұрақты емес. Экономикалық жағынан [дамыған елдер](#) өтпелі кезеңнің осы сатысына жақын.

Төртінші сатысында өлім коэффициенті арта отырып, туу коэффициентіне жақындайды да, демографиялық тұрақтану аяқталады

4. Иллюстрациялық материалдар: презентация.

5. Әдебиет:

Қазақ тілінде:

Негізгі:

1.Бөлешов М.Ә.Қоғамдық денсаулық сақтау: оқулық. - Алматы : Эверо, 2015.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік медициналық сактандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы Дәріс кешені	58-12-2024 38 беттің 7 беті

- 2.Бөлешов, М. Ә. Медициналық статистика: оқулық. - Алматы : Эверо, 2015. Бөлешов, М. Ә. Медициналық статистика: оқулық. - Алматы : Эверо, 2010.
- 3.Петри, А. Наглядная медицинская статистика: учеб. пособие. - 2-е изд., перераб. и доп. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2010.
- 4.Петри, А. Наглядная медицинская статистика: учеб. пособие. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2009.
- 5.Ключин, Д. А. Доказательная медицина. Применение статистических методов: монография. - М.: ООО "И. Д. Вильямс", 2008.
- 6.Применение методов статистического анализа для изучения общественного здоровья и здравоохранения: учеб. пособие для мед. вузов / Под ред. В. З. Кучеренко. - 4-е изд., перераб. и доп. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2007.
- 7.Жижин, К. С. Медицинская статистика: учеб. пособие/ К. С. Жижин. - Ростов н/Д: Феникс, 2007.
- 8.Герасимов, А. Н. Медицинская статистика: учеб. пособие / А. Н. Герасимов. - М. : МИА, 2007.
- 9.Медик, В. А. Руководство по статистике здоровья и здравоохранения: учеб. пособие . - М. : Медицина, 2006.
- 11.Медициналық статистика: оқулық / Б. Е. Алтынбеков [ж. б.] - Шымкент: ОҚММА, 1999.

Қосымша:

- 1.Гланц С. Медико-биологическая статистика McGraw-Hill,1994;М.: Практика, 1998-459с.
- 2.Петри А., Сэбин К. Наглядная статистика в медицине.е-М.: ГЭОТАРМедиа, 2003.-140 с.
- 3.Платонов А.Е. Статистический анализ в медицине и биологии. М.: РАМН, 2000
- 4.Рудакова Р.П., Букин Л.Л., Гаврилов В.И. Статистика. Спб.: Питер,2007 2-е издание-288 с.мощи системы SASПлавинский С..Л. ИД СПбМАПО, 2005
- статистики и основы теории вероятностей./ учебное пособие. – КазНМУ – Алматы, 2004.
- 10.StatSoft, Inc.(2001). Электронный учебник по статистике. Москва, StatSoft, WEB: [//www.statsoft.ru/home/textbook/default.htm](http://www.statsoft.ru/home/textbook/default.htm)

Электронды ресурстар:

- 1.Биостатистика [Электронный ресурс] : учебник / К. Ж. Кудабаяев [и др.]. - Электрон. текстовые дан. (85,7Мб). - Шымкент : ЮКГФА, 2015. - 187 эл. опт. диск (CD-ROM).
- 2.Биостатистика [Электронный ресурс] : оқулық / Қ. Ж. Құдабаев [ж/б.]. - Электрон. текстовые дан. (85,7Мб). - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 185 бет. эл. опт. диск (CD-ROM).

6. Бақылау сұрақтары (кері байланысы):

1. Демографияның ең басты мәселесі?
2. Демография сатылары?
3. Демографиялық күрт өсу дегеніміз не?

№	Сабак кезеңінің атауы	Теориялық сабақ (дәріс, аралас сабақ, мин.)
1	Ұйымдастыру кезеңі: а) сабақ барысының жұмыс жағдайын ұйымдастыру б) сабақтың мақсаттары мен міндеттерін анықтау	5 минут
2	Өткен тақырып бойынша негізгі білімді белсендендіру (әдістері мен тәсілдері)	15 минут
3	Жаңа материалды баяндау (дәріс жоспары)	15 минут

4	Өткен материалды бекіту (әдіс-тәсілдері)	10 минут
5	Сабақтың қорытынды кезеңі: а) білім алушыларды бағалау б) үйге тапсырма	5 минут
		50 минут

Дәріс №3

1. Тақырыбы: Аурушандық көрсеткіштерін есептеу және талдау. Мүгедектік.

2. Мақсаты: Аурушандық көрсеткіштерін есептеу және талдау жолдарымен таныстыру. Мүгедектік.

3. Дәріс тезистері:

Аурушандық – халық арасында аурудың таралуы. Алғашқы аурушандық (ауру сырқаулық) халық арасындағы жаңа, бұрын еш жерде тіркелмеген және биылғы календарлық жылда алғаш рет анықталған аурулардың жиынтығы.

Жалпы аурушандық (таралуы) – бұл биылғы жылы бірінші рет анықталған аурулар мен өткен жылы анықталып, биылғы жылы сол аурудың салдарынан бірінші рет қаралған халық арасындағы барлық аурулардың жиынтығы. Қазақстан халқы арасында алғашқы аурулық құрылымында негізгі рангтік орындарды тыныс алу жүйесі аурулары, тері және тері асты шел қабаты аурулары, жарақаттар мен уланулар, зәр шығару, ас қорыту аурулары алады, жалпы аурулық құрылымында – тыныс алу жүйесінің аурулары, ас қорыту, зәр шығару, қан айналым жүйесі аурулары, көз және оның қосалқылары аурулары алады. Аурушандықты зерттеу статистикалық зерттеудердің жалпы қабылданған схемасы және қатаң кезекті этаптар бойынша жүргізіледі.

Халық аурушандығын бағалау үшін 1000, 10000, 100000 тұрғынға есептеліп шығарылған орташа жылдық халық санына қатысты аурулар саны ретінде есептелген көрсеткіштер қолданылады. Аурушандықта себепсалдарлық байланысты анықтау үшін халықтың құрамын (жасы, жынысы, жанұя жағдайы, әлеуметтік статусы және т.б.) ескеру қажет. Жұмысшылардың аурушандығын зерттеудің негізгі үш әдісі бар: Ең жиі қолданылатын және ең ақпаратты болып бірінші екі әдіс табылады. Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне байланысты уақытша еңбекке қабілеттілікті жоғалтумен жүретін аурушылдық 16-ВН нұсқасы бойынша немесе терең жеке есепке алу әдісімен (есепке алу мәліметтері бойынша) зерттелуі мүмкін.

- емдік-профилактикалық мекемелерге дәрігерлік көмекке қаралу мәліметтері бойынша. Бұл кезде амбулаториялық-кемханалық мекемелерге бірінші рет қаралғандарды тіркеу материалдары немесе уақытша еңбекке қабілеттілікті жоғалтуға алып келген жағдайларды тіркеу мәліметтері (жұмыстан босату) қолданылады;
- профилактикалық медициналық тексерулер нәтижелері бойынша;
- өлім себептері бойынша.

Екі әдістің де бақылау бірлігіне жұмысшының ауруымен байланысты еңбекке жарамсыздықтың әрбір жағдайы, ал есепке алу құжатына – еңбекке жарамсыздық қағазы жатады. Ол кәсіпорынның бухгалтериясында сақталады, себебі ол тек заңдық құжат болып қана емес, сондай-ақ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы		58-12-2024 38 беттің 9 беті
Дәріс кешені		

қаржы құжаты болып табылады. Еңбекке жарамсыздық қағазынан ауру туралы және оның ұзақтығы туралы мәліметтерді көшіріп алып, кәсіподақ ұйымы және медициналық-санитарлық бөлімнің дәрігері (денсаулық пунктiнiң) тоқсандық есеп беру құжаттарын жасайды және 16 - ВН нұсқасы бойынша талдау жүргізеді. Басқа статистикалық зерттеулер тәрізді аурушандықты зерттеу әдістері жаппай немесе таңдамалы болады. Жеке территориядағы немесе оның жеке топтарында халық аурушандығын зерттеу әдісін таңдау зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сай анықталады Халықтың және оның жеке топтарының аурушандық деңгейін, құрылымы мен динамикасын бағалау кезінде көрсеткіштерді республика, облыс, район, қала көрсеткіштерімен салыстыру қажет.

Аурушандықты зерттеудің негізгі әдістеріне жатады:

- емдеу-профилактикалық мекемелерге өз бетімен қаралуы бойынша;
- өлім себептері мәліметтері бойынша (Өлім туралы дәрігер куәлігі (106/у);
- медициналық тексеру мәліметтері бойынша (профилактикалық тексерулерді тіркеу картасы (131/у).

Осындай көздерден алынған халық аурушандығы туралы мәліметтер толық болып келмейді, ол көптеген факторлар кешеніне тәуелді. Халық аурушандығын зерттеу көздерінің әрқайсысының артықшылығымен қоса кемшіліктері де бар.

Денсаулық және аурушандықты зерттеудің қосымша әдісіне сұрастыру (анкеталық немесе интервьюлік) әдісі жатады. Анкеталық әдісті кейбір ауруларды анықтау үшін, мысалы жүректің ишемия ауруларын және осы аурудың қатер топтарын қалыптастыру үшін халықты жалпылай тексерудің бірінші кезеңінде қолдануға кеңес береді. Әрбір ауру сәйкесінше тіркеу мен есепке алудың қабылданған талаптарына сай міндетті түрде тіркеуге алынады.

Есептеу үшін келесі бастапқы мәліметтер қажет болады:

- Есептеу үшін келесі бастапқы мәліметтер қажет болады:
- жұмысшылар саны (бір жылдағы орташа);
- еңбекке жарамсыздық күндерінің абсолютті саны (Ф. 16-ВН нұсқасы бойынша);
- ауруы себепті жоғалтылған адамдар-күндер саны;
- 1 жұмысшыға келетін жұмыс күндерінің орташа саны;
- жылына орта шамамен 1 жұмысшыға келетін өнімнің шығарылуы (теңгемен);
- жылына орта шамамен 1 жұмысшыға келетін шарттытұрақты шығындар (теңгемен).

Мүгедектік

Мүгедектік - ағза қызметінің тұрақты бұзылысы мен денсаулықтың бұзылуы салдарынан адамның тыныстіршілігінің шектелісі. БҰҰ сарапшыларының деректері бойынша мүгедектердің жалпы әлемдік саны 600,0 млн адамды немесе халықтың 10% құрайды. Олардың ішінде 385 млн еңбек етуге қабілетті жастағы адамдар болып табылады. 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикадағы барлық санаттағы мүгедектердің саны

413,6 мың адамды немесе барлық халықтың шамамен 3%-ын құрайды.

Мүгедектік көрсеткіштерге әсер ететін факторлар:

Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі

Денсаулықтың жай-күйі

Медициналық қызмет сапасы

Оңалту қызметінің сапасы

Экологиялық ортаның жай-күйі

Мүгедектердің жас құрылымында еңбек етуге жарамды жастағы адамдар басым (мүгедектердің жалпы санының 70%-ы). Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңына сәйкес мүгедек — тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған адам. Сонымен қатар осы заңда мүгедек балаға да мынадай жеке анықтама беріп өтеді: тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған он сегіз жасқа толмаған адам.

Мүгедектік дегеніміз — организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулықтың бұзылуы салдарынан адамның тіршілік-тынысының шектелу дәрежесі.

Мүгедектің құқықтары

- әлеуметтік қорғалу, соның ішінде сауықтыру, қоғамға бейімделу
- әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына кірумен қамтамасыз етілу
- ақпаратты алуға мүмкіндік берумен қамтамасыз етілу
- білім беру, қызмет түрін еркін таңдау, соның ішінде еңбекке байланысты
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталатын тәртіппен көрсетілетін тегін медициналық көмектің кепілденген көлеміне ие болу
- кәсіби дайындық және қайта дайындау, еңбекке жарамдылығын қалпына келтіру және жұмысқа орналасу
- Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес үй алу
- Мемлекеттік және басқа да ұйымдарда, соның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік, қызмет саласында бірінші кезекте қызмет көрсетіледі

- Мүгедектердің шығармашылық мүмкіндіктерін қолдау.

Мүгедектердің құқықтарын қорғау қозғалысын дамытуда америка мемлекетінің басшылары айтарлықтай прогреске қол жеткізді. 1975 жылға дейін АҚШ-та мүгедектердің өмір сүру ортасына қол жеткізу жағдайы басқа елдерден еш айырмашылығы болған жоқ. 1975 жылы Американдық мүгедектер туралы Заң қабылданғаннан бастап (АҚШ Президенті Дж. Форд) жағдай түбегейлі өзгерді. Мүгедектердің өздері кемсітуге қарсы ірі-ірі қозғалыстарды бастады. Арнайы құрылған құрылысшы-мердігерлер бригадасы бүкіл Америкада съездер мен пандустар жасай бастады, күннен күнге америка қалаларында мүгедектердің тіршілігі жақсара түсті.

Мүгедектерді жұмыспен қамту

- Жергілікті атқарушы органдар мүгедектерді жұмыспен қамтуды мына жолмен қамтамасыз етеді:
 - қызмет орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектерге жұмыс орындарынан квота бекіту
 - жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы мүгедектер үшін қосымша жұмыс орындарын құру
 - арнайы, сонымен қатар мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құру
 - мүгедектерді кәсіби оқыту ұйымдары

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік медициналық сактандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы		58-12-2024 38 беттің 11 беті
Дәріс кешені		

Қорытынды

Еліміздегі әлеуметтік жұмыстың әрбір саласы халықты қолдау мен көмек көрсету барысындағы нақты мәселелер шешілуде, әлеуметтік жұмыстың нормативтік-құқықтық базасы құрылып, әлеуметтік жұмыстың кәсіби іс-әрекеті ретіндегі функциялық міндеттері орындалуда. Дегенмен, әлеуметтік қызметкерлер тек қана әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік қамсыздандыру әрекетімен ғана айналысып қоймай, адамды кедейшіліктен, мұқтаждықтан, әділетсіздіктен, маргиналдықтан құтқаруға да мүмкіндіктерінің шектелгендігін игерудегі, өз бетімен шешім қабылдауға, қиыншылықтағы қысылған жағдайда жол таба білуге, оны жеңе білуге, қабілеттерін жақсартуға көмек көрсетудегі белсенділіктері ескеріліп, мемлекет тарапынан қолдау көрсетілсе деген ойдамыз.

4. Иллюстрациялық материалдар: презентация.

5. Әдебиет:

Қазақ тілінде:

Негізгі:

1. Бөлешов М.Ә. Қоғамдық денсаулық сақтау: оқулық. - Алматы : Эверо, 2015.
2. Бөлешов, М. Ә. Медициналық статистика: оқулық. - Алматы : Эверо, 2015. Бөлешов, М. Ә. Медициналық статистика: оқулық. - Алматы : Эверо, 2010.
3. Петри, А. Наглядная медицинская статистика: учеб. пособие. - 2-е изд., перераб. и доп. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2010.
4. Петри, А. Наглядная медицинская статистика: учеб. пособие. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2009.
5. Ключин, Д. А. Доказательная медицина. Применение статистических методов: монография. - М.: ООО "И. Д. Вильямс", 2008.
6. Применение методов статистического анализа для изучения общественного здоровья и здравоохранения: учеб. пособие для мед. вузов / Под ред. В. З. Кучеренко. - 4-е изд., перераб. и доп. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2007.
7. Жижин, К. С. Медицинская статистика: учеб. пособие / К. С. Жижин. - Ростов н/Д: Феникс, 2007.
8. Герасимов, А. Н. Медицинская статистика: учеб. пособие / А. Н. Герасимов. - М. : МИА, 2007.
9. Медик, В. А. Руководство по статистике здоровья и здравоохранения: учеб. пособие. - М. : Медицина, 2006.
11. Медициналық статистика: оқулық / Б. Е. Алтынбеков [ж. б.] - Шымкент: ОҚММА, 1999.

Қосымша:

1. Гланц С. Медико-биологическая статистика McGraw-Hill, 1994; М.: Практика, 1998-459с.
2. Петри А., Сэбин К. Наглядная статистика в медицине. е-М.: ГЭОТАРМедиа, 2003. -140 с.
3. Платонов А.Е. Статистический анализ в медицине и биологии. М.: РАМН, 2000
4. Рудакова Р.П., Букин Л.Л., Гаврилов В.И. Статистика. Спб.: Питер, 2007 2-е издание-288 с. мощи системы SAS Плавинский С..Л. ИД СПбМАПО, 2005
- статистики и основы теории вероятностей./ учебное пособие. – КазНМУ – Алматы, 2004.
10. StatSoft, Inc.(2001). Электронный учебник по статистике. Москва, StatSoft, WEB: [//www.statsoft.ru/home/textbook/default.htm](http://www.statsoft.ru/home/textbook/default.htm)

Электронды ресурстар:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы		58-12-2024
Дәріс кешені		38 беттің 12 беті

1. Биостатистика [Электронный ресурс] : учебник / К. Ж. Кудабаяев [и др.]. - Электрон. текстовые дан. (85,7Мб). - Шымкент : ЮКГФА, 2015. - 187 эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Биостатистика [Электронный ресурс] : оқулық / Қ. Ж. Құдабаев [ж/б.]. - Электрон. текстовые дан. (85,7Мб). - Шымкент : ОҚМФА, 2015. - 185 бет. эл. опт. диск (CD-ROM).

6. Бақылау сұрақтары (кері байланысы)

1. Аурушандық дегеніміз не?
2. Аурушандықты зерттеудің негізгі әдістеріне не жатады?

№	Сабақ кезеңінің атауы	Теориялық сабақ (дәріс, аралас сабақ, мин.)
1	Ұйымдастыру кезеңі: а) сабақ барысының жұмыс жағдайын ұйымдастыру б) сабақтың мақсаттары мен міндеттерін анықтау	5 минут
2	Өткен тақырып бойынша негізгі білімді белсендендіру (әдістері мен тәсілдері)	15 минут
3	Жаңа материалды баяндау (дәріс жоспары)	15 минут
4	Өткен материалды бекіту (әдіс-тәсілдері)	10 минут
5	Сабақтың қорытынды кезеңі: а) білім алушыларды бағалау б) үйге тапсырма	5 минут
		50 минут

Дәріс №4

1. Тақырыбы: Денсаулық сақтаудағы стандарттау.

2. **Мақсаты:** Студенттерді Денсаулық сақтаудағы стандарттаумен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

Денсаулық сақтаудағы стандарттау денсаулық сақтауда қолданылатын қызмет, жұмыс, технологиялар, өнім, ереже, нормаларды шығару және талаптарын бекіту арқылы денсаулық сақтауда реттіліктің оңтайлы дәрежесіне жетуге бағытталған қызмет.

Стандарттаудың үш үлкен объектісін көрсетеді:

- денсаулық сақтауды ресурстық қамтамасыз ету (мамандар, материалдық, қаражаттық, ақпараттық ресурстарға қойылатын талаптар);
- үдерістер (емдеу-диагностикалық, профилактикалық, сауықтыру, ұйымдық, өндірістік технологиялар);
- тиімділік (аурудың асқынулары, әлеуметтік- экономикалық көрсеткіштер).

Медициналық көмек сапасын басқаруды дамыту мақсатымен оның индикаторларына мониторинг жүргізу, соңғы қорытынды-күтілетін қорытындыға жету сатысының көрсеткіштері кіретін және аралық қорытындылар индикаторы-бір көмек сатысынан кейінгі науқастың жағдайының өзгеру көрсеткіші. Туындаған мәселе талданады, оны шешудің тиімді әдісі таңдалады, әр қызметкерге нақты күнтізбемен жұмысы жоспарланады, жоспар орындала бастайды, оның қорытындылары бақыланады,

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы		58-12-2024 38 беттің 13 беті
Дәріс кешені		

(таңдалған индикаторлар бойынша) қажет жағдайда жоспар түзетіліп және қайта қаралып соңына дейін орындалады.

Рұқсат етілген заңды бағыттар негізінде медициналық стандарттар жүйесін енгізудің екі жолын ұсынады:

1. Міндетті ретінде нормативті стандарттарды бекіту (заң бұзушылық үшін заңды жауапкершілікті енгізу талап етіледі).
2. Стандарттарға ұсынбалы сипаттама беру (ресурстар тапшылығын есепке алғанда бұл сатыда мақсаттырақ, әр медициналық жағдайға бейімделуге мүмкіндік береді).

Жиі қоланылатын стандарттар үш негізгі бөлімдерден тұрады: 800 нозологиялық аурулар түрінен тұратын терапевттік, хирургиялық арнайы көмек, медицина тәжірибесінде жиі кездесетін, зертханалық-диагностикалық көлемі және сипаты бойынша сараланған, емдеу шаралары және функционалды зерттеу әдістері, аурудың ауырлық сатысы, емдеу нәтижесі және мерзімі.

Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50-елдің қатарына қосылу стратегиясында ҚР Президенті денсаулық сақтауды дамыту және Мемлекеттік реформалау бағдарламасын іске асыруды жылдамдату қажет екенін көрсетті. Бағдарламада медициналық көмек көрсету сапасын бақылау жүйесін құру стандарттауды ескеретіні белгіленген, ауруларды емдеу және диагностиканың жаңа әдістерін енгізу.

Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауды стандарттау үрдісі міндетті медициналық сақтандыруды енгізген уақыттан басталған он жылдық тарихы бар.

Денсаулық сақтауды басқару әдістерін дамыту, медициналық қызметті жоспарлау, лицензиялау және сертификаттаудың бірыңғай жолымен саланың тұтастығын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы денсаулық сақтауында стандарттау жүйесін құру қажет. Денсаулық сақтауда стандартту жүйесін құру бойынша жұмысты іске асыру, денсаулық сақтауды басқарудың жалпы тұжырымдамасының келешегі бар бағыттарының бірі болып табылады. Бұл дегеніміз салаға стандарттау жүйесін енгізу және даму бағдарламасын жасау қажеттігін көрсетеді. Бүгінгі таңда Қазақстанның денсаулық сақтау саласында медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейінде стандарттаудың толық және бәрін тегіс қамти алатын жүйесін қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр. Мұндай жүйені жасамайынша денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесін айтарлықтай дамыған елдердің дәрежесіне жақындатуға қажетті өлшемдерге қол жеткізу мүмкін емес.

Талаптарды орындау міндеттілігіне байланысты бөлінеді: ұсыныстық стандарттар;

Заңдылық стандарттар.

Жалпы иерархиялық дәрежесі және қолданылу аясы бойынша бөлінеді: жергілікті, ай Медициналық қызмет саласындағы стандарттарды классификациялау жұмыстарының бірі медициналық өнімдерді классификациялау болып табылады. Жіктеуге медициналық өнімнің функционалдық қатыстылығы негіз болады. Ол өнімнің диагностикалық және емдеу үдерісіндегі ерекше рөлін нақты анықтайды және классификациялауда өзіндік орынға ие болады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы		58-12-2024
Дәріс кешені		38 беттің 14 беті

ЕПМ-ді медициналық құрал-жабдықтармен жарактау стандартына қажеттілік туып отыр.

Бұл саладағы негізгі ережелердің бастылары мыналар болып табылады:

- науқастардың диагностикадан бастап толық қалпына келуге дейінгі емдеу-профилактикалық іс-шаралардың ғылыми негізделген толық тізбегі;
- емдеу-диагностикалық үдерістердің елдегі барлық емдеу-профилактикалық және сауықтыру мекемелеріндегі артықшылығы;
- емдеу үдерісінің материалдық-техникалық тұрғыдан қамсыздандырылуы,
- дәрігерлік және инженерлік мамандарды дайындау. Емдеу-диагностикалық үдерісті жүргізудің осы тізбегін бұзуға болмайды. Материалдық-техникамен қамтамасыз етілмесе немесе ол жеткіліксіз болса, дер кезінде жүзеге асырылмаса, емдеу-қалпына келтіру процесін жүргізу және ел азаматтарының денсаулығын сақтауға жасалған басқадай күш салулар жоққа шығады.

Денсаулық сақтаудың қазіргі жай-күйі емдеу- профилактикалық мекемелерін тиімді басқару, оның ішінде олардың материалдық-техникалық ресурстарын тиімді басқару мәселесін тудырып отыр.

Медициналық техникаға қойылатын талаптарды реттемелеуші құжаттардың салааралық сипатын ескере отырып, бұл саладағы стандарттау жұмыстары мемлекеттік деңгейде жүргізіліп жатыр. Аталмыш өнімнің әлеуметтік маңыздылығы, халықаралық ынтымақтастығы, кооперация және өзара жеткізілімі халықаралық стандарттарды әзірлеу және қабылдаудың артықшылықтарын анықтап берді. Бұл бағыттағы негізгі қызмет ИСО және МЭК стандарттау жөніндегі жетекші халықаралық ұйымдардың аясына топтастырылған.

Қазақстан Республикасында басқа да кеңестік кезең елдеріндегідей және алыс шетелдердегідей стандарттау, оның ішінде денсаулық сақтаудағы стандарттаудың маңыздылығы артты.

